

Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі N 113 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 31 мамырда N 1803 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 27 мамырдағы N 168 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 27.05.2013 N 168 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 27-бабы 2-тармағына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 Заңының 9-1-бабы 4-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тұқым шаруашылығы саласында мемлекеттік қызметтің қоса берілген регламенттері бекітілсін:

«Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау»;
«Бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші репродукциядағы тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Біләлов

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Көлік және коммуникация министрі А. Жұмағалиев

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2012 жылғы
19 сәуірдегі № 113 қаулысымен
бекітілген

**«Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау»
мемлекеттік қызмет регламенті**

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау» регламентінде (бұдан әрі - Регламент) мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық қауіпсіздік-ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ ақпараттық саладағы тұлғаның құқықтары мен қоғамның мүдделерінің қорғалған жай-күйі;

2) аттестациялық комиссия - облыстың жергілікті атқарушы органының бұйрығымен құрылатын, құрамы кемінде бес адамнан тұратын (Комиссияның төрағасы және төрт мүшесі) комиссия (бұдан әрі - Комиссия);

3) аттестаттау туралы куәлік – мемлекеттің тұқым шаруашылығы саласындағы аттестатталған субъектілердің қызметін тануын куәландыратын уәкілетті орган берген құжат (бұдан әрі - куәлік);

4) байқаудан өткізуші - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сортты егістерін сынақтан өткізу құқығына аттестатталған жеке тұлға;

5) байқаудан өткізушіні аттестаттау - жеке тұлғаның тұқым шаруашылығы субъектісі мәртебесіне сәйкестігін анықтау (растау) (бұдан әрі - аттестаттау). Қайта аттестаттау үш жылда бір рет жүргізіледі;

6) жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі-ЖАО) – облыс әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

7) тұтынушы/өтінім беруші - байқаудан өткізуші немесе тұқым сарапшысы мәртебесін алуға үміткер жеке тұлға;

8) тұқым сарапшысы - тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхананың уәкілеттік органы белгілеген тәртіппен тұқымдардың сорттық және егу сапасына сараптама жүргізу құқығына аттестатталған маманы.

9) уәкілетті орган - «Солтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

2. Жалпы ережелер

2. Осы Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 Заңының 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Мемлекеттік қызмет Солтүстік Қазақстан облысының ЖАО жеке тұлғаларына мына орналасқан мекенжай бойынша жүзеге асырылады:

150000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы,
Қазақстан Конституциясы көшесі, 58;
тел. 8 (7152) 46-24-52, факс 36-07-45.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат облыстың жергілікті атқарушы органдарының сайттарында орналасқан:
E-mail: dshagr@mail.ru, akimat@SKO.kz, akimat@petr.kz

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны:
автоматтандырылмаған.

6. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету:

1) «Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы № 385 Заңының 6-1-бабының 4) тармақшасы;

2) «Фитосанитариялық қауіпсіздік және тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 мамырдағы № 485 қаулысымен бекітілген «Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт);

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1393 қаулысымен бекітілген Тұқым шаруашылығы саласындағы кейбір субъектілерді аттестаттау қағидасы негізінде жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызмет демалыс және мереке күндерінен басқа жұмыс күндері сағат 13.00-ден сағат 14.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күнінен аспауы тиіс;

2) тұтынушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күтуге рұқсат етілген ең көп уақыты - 30 (отыз) минуттан аспайды;

3) құжаттарды алу кезіндегі күтуге рұқсат етілген ең көп уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетудің кезеңдері:

1) тұтынушы аттестаттау (қайта аттестаттау) жүргізу және байқаудан өткізуші мәртебесін беру туралы өтінім бланкісін толтырады және оны ЖАО кеңсесіне тапсырады (бұдан әрі-өтініш);

2) ЖАО кеңсесі өтінішті тіркейді, тұтынушыға құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді, құжаттарды уәкілетті орган басшысының қарауына жібереді;

3) уәкілетті органның басшысы құжаттармен танысады және жауапты

атқарушыны

айқындайды;

4) уәкілетті органның жауапты атқарушысы ұсынылған құжаттарды зерделеп, оларды аттестациялық комиссия қарауына тапсырады;

5) аттестациялық комиссия өтінім берушіден бес жұмыс күн ішінде аттестаттауға (қайта аттестаттауға) арналған құжаттар түскен соң, оларды зерделейді және осы Регламенттің 13-тармағында көрсетілген барлық құжаттар болған жағдайда, өтінімберушіні аттестаттау жүргізу күні мен орны туралы хабардар етеді. Комиссия ұсынылған құжаттарды зерделейді, сұхбаттасу өткізіп, өтінім берушінің байқаудан өткізуші мәртебесіне сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы көпшілік дауыспен шешім қабылдайды. Байқаудан өткізуші немесе тұқым сарапшысы мәртебесін беру үшін аттестаттау (қайта аттестаттау) туралы өтінішті қараудың жалпы мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнінен аспауы тиіс. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

6) Комиссияның оң қорытындысын алған тұтынушыларға байқаудан өткізуші мәртебесі беріледі және осы Регламенттің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қолданыс мерзімі үш жылға жарамды аттестаттау туралы куәлік беріледі.

7) уәкілетті органның жауапты атқарушысы ЖАО кеңсесіне мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін тұтынушыға әрі қарай беру үшін тапсырады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара іс-әрекеттер) тәртібінің сипаттамасы

11. Құжаттарды қабылдауды осы Регламенттің 3-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша ЖАО кеңсесі жүзеге асырады.

12. Өтінім берушіге:

- 1) құжаттарды қабылдау күні мен нөмірі;
- 2) сұралып отырған мемлекеттік қызмет түрі;
- 3) қоса беріліп отырған құжаттардың саны мен атауы;
- 4) мемлекеттік қызметті алатын күні (уақыты) және құжаттар берілетін орын;

5) жергілікті атқарушы органның құжаттарды қабылдаған жауапты лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле отырып, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

13. Аттестаттаудан (қайта аттестаттаудан) өту үшін өтінім берушімен мынадай құжаттарды:

- 1) осы Регламенттің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белгіленген үлгідегі өтінішті;
- 2) тұтынушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) өтінім беруші осы Регламенттің 3-қосымшасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың көшірмесін береді.

14. Байқаудан өткізуші немесе тұқым сарапшысы мәртебесін беруден және аттестаттау туралы куәлік беруден бас тартуға:

1) тұтынушының осы Регламенттің 12-тармағында көрсетілген құжаттарды ұ с ы н б а у ы ;

2) тұтынушының осы Регламенттің 3-қосымшасында көрсетілген байқаудан өткізушілер немесе тұқым сарапшыларының талаптарына сәйкес келмеуі немесе сұхбаттасу барысында аттестациялық комиссиядан теріс қорытынды алмауы н е г і з б о л ы п т а б ы л а д ы .

ЖАО осы Регламенттің 10-тармағының 5-тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде аттестаттау туралы куәлік беруден бас тарту себептерін көрсеутмен дәлелді ж а з б а ш а ж а у а п б е р і л е д і .

Комиссия шешімі белгіленген заңнамалық тәртіпте шағымданылуы мүмкін.

Тұтынушыға/өтінім берушіге әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) шағымдану тәртібін ЖАО заң қызметінің маманы түсіндірме береді.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде мынадай құрылымдық-функциялық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) жұмылдырылған:

- 1) Ж А О к е ñ с е с і ;
- 2) у ә к і л е т т і о р г а н б а с ш ы с ы ;
- 3) у ә к і л е т т і о р г а н н ы ң ж а у а п т ы а т қ а р у ш ы с ы ;
- 4) а т т е с т а ц и я л ы қ к о м и с с и я .

16. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін басқа мүдделі мемлекеттік органдардың қ а т ы с у ы қ а ж е т е м е с .

17. Ақпараттық қауіпсіздікке қойылған талаптар қарастырылмаған.

18. Әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімнің) орындалу мерзімін көрсете отырып берілген әрбір ҚФБ-ның әкімшілік іс-әрекетінің (рәсімінің) бірізділігі мен өзара іс-әрекетінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 1-қосымшасында к е л т і р і л г е н .

19. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттердің қисынды бірізділігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланыс көрініс тапқан сызба осы Регламенттің 2-қосымшасында к е л т і р і л г е н .

20. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі осы Регламенттің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз тасығышта аттестаттау туралы куәлік беру немесе мемлекеттік қызмет ұсынудан бас тарту болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

21. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын мемлекеттік жергілікті атқарушы органның лауазымды тұлғалары, уәкілетті органдар, аттестациялық комиссиялар мемлекеттік қызмет көрсету барысында Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіппен оның сапасы мен тиімділігі үшін, сондай-ақ, олармен қолданылған шешімдері мен әрекеттігі (әрекетсіздігі) үшін жауапкершілікке ие болады.

«Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау» мемлекеттік қызмет регламентіне
1-қосымша

Әкімшілік іс-әрекеттердің (рәсімдердің) бірізділігі мен өзара іс-әрекеттерінің Сипаттамасы

Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағымының) нөмірі	1	2	3
ҚФБ атауы	ЖАО кеңсесі	Уәкілетті орган басшысы	Уәкілетті органның жауапты атқарушысы
Әрекеттің (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу, берушіөтінімге қолхат беру	Құжаттармен танысу, жауапты атқарушыны айқындау	Ұсынылған құжаттарды зерделеу және оларды аттестациялық комиссияға тапсыру
Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім)	Уәкілетті органның басшысына құжаттарды жіберу	Бұрыштама қою, құжаттарды жауапты атқарушыға жіберу	Құжаттарды аттестациялық комиссияға тапсыру
Орындалу мерзімі	30 минуттан аспайды	1 сағат ішінде	1 жұмыс күнінен аспайды
Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2	3	4

Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағымының) іс-әрекеті

Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағымының) нөмірі	4	5	6	7
ҚФБ атауы	Аттестациялық комиссия	Уәкілетті органның жауапты атқарушысы	Уәкілетті органның жауапты атқарушысы	ЖАО

Іс-әрекеттің (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және оның сипаттамасы	Ұсынылған құжаттарды зерделеу, сұхбаттау, өтініш берушінің байқаудан өткізуші немесе тұқым сарапшысы мәртебесіне сәйкестігі дәрежесін айқындау	Байқаудан өткізуші немесе тұқым сарапшысы мәртебесін беру туралы бұйрықты және аттестаттау туралы куәлікті немесе дәлелді бас тартуды ресімдеу	Аттестаттау туралы куәлік беру кітабындағы жазба	Мемлекеттік қызмет нәтижесін беру
Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық - өкімдік шешім)	Хаттама ресімдеу	Басшыға байқаудан өткізуші немесе тұқым сарапшысы мәртебесін беру туралы бұйрықты және аттестаттау туралы куәлікті немесе дәлелді бас тартуды тапсыру	Құжаттарды ЖАО кеңсесіне тапсыру	
Орындалу мерзімі	15 күнтізбелік күн ішінде	1 жұмыс күні	1 сағат	30 минуттан аспайды
Келесі іс-әрекеттің нөмірі	5	6	7	

«Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау» мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

Әкімшілік іс-әрекеттердің қисынды бірізділігі арасындағы өзара байланысты айқындайтын сызба

Тұтынушы ЖАО кеңсесіне мемлекеттік қызмет алу үшін қажетті құжаттарды ұсынады, өтініш бланкін толтырады	
ЖАО кеңсесі өтінішті тіркейді, құжаттарды қабылдау туралы қолхат береді, уәкілетті органның басшысына құжаттарды жібереді	
Уәкілетті органның басшысы құжаттармен танысады, жауапты атқарушыны айқындайды	
Уәкілетті органның жауапты атқарушысы ұсынылған құжаттарды зерделеп, оларды аттестациялық комиссияға қарауға тапсырады	

Аттестациялық комиссия ұсынылған құжаттарды зерделеп, сұхбаттасу өткізіп, өтінім берушінің байқаудан өткізуші немесе тұқым сарапшысы мәртебесіне сәйкестігі дәрежесін айқындайды, хаттама ресімдейді

Жауапты атқарушы байқаудан өткізуші немесе тұқым сарапшысы мәртебесін беру туралы бұйрықты және аттестаттау туралы куәлікті немесе дәлелді бас тартуды ресімдейді

Уәкілетті орган байқаудан өткізуші немесе тұқым сарапшысы мәртебесін беру туралы бұйрыққа және аттестаттау туралы куәлікке немесе дәлелді бас тартуға қол қояды

ЖАО өтінім берушіге мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді

«Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау» мемлекеттік қызмет регламентіне
3-қосымша

Байқаудан өткізушілер мен тұқым сарапшыларына қойылатын біліктілік талаптары

Байқаудан өткізушілерге қойылатын біліктілік талаптары мыналарды қ а м т и д ы :

1) аграрлық бейіндегі немесе өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және қайта өңдеу жөніндегі мамандықтар бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімі болуы ;

2) арнайы даярлығы туралы құжаттың болуы (байқаудан өткізуші курстары).

Тұқым сарапшыларына қойылатын біліктілік талаптары мыналарды қамтиды:

1) аграрлық бейіндегі немесе өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және қайта өңдеу жөніндегі мамандықтар бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімі болуы ;

2) тұқым мен отырғызу материалының сапасын сараптау бойынша зертханада жұмыс істеуі немесе тағылымдамадан өтуі туралы (екі айдан кем емес) құжаттың болуы.

«Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау» мемлекеттік қызмет регламентіне
4-қосымша

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ауыл шаруашылығы саласындағы жергілікті атқарушы органының атауы

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)

Өтініш

Аттестаттау (қайта аттестаттау) жүргізуді және _____

(егістіктерін байқаудан өткізу жоспарланып отырған ауыл шаруашылығы өсімдігі) байқаудан өткізуші мәртебесін беруді сұраймын.

Жеке тұлға туралы мәліметтер:

Мекенжайы: _____

(индекс, аудан, облыс, қала (ауыл/село), көше, үй №, телефоны)

Қоса беріліп отырған құжаттар: _____

(Байқаудан өткізушілерді аттестаттау қағидасына сәйкес)

20_ жылғы «__» _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Өтініш қарауға 20_ жылғы «__» _____ қабылданды.

(өтінішті қабылдаған жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (қолы)

«Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау» мемлекеттік қызмет регламентіне

5-қосымша

Аттестаттау туралы № ____ куәлік

_____ берілді,

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)

оған _____ облысының (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының 20____ жылғы «_____» _____ № _____ бұйрығы негізінде _____

(егістіктерін байқаудан өткізуге рұқсат етілген ауыл шаруашылығы өсімдігі) сорттық егістіктерді байқаудан өткізу құқығына байқаудан өткізуші мәртебесі берілген.

Басшы _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Берілген күні: 20_ жылғы «__» _____

Мөр орны

20_ жылғы «__» _____ дейін жарамды

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2012 жылғы 19 сәуірдегі № 113 қаулысымен
бекітілген

«Бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші репродукциядағы тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші репродукциядағы тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау» регламентінде (бұдан әрі - Регламент) мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аттестаттау - жеке және (немесе) заңды тұлғалардың тұқым шаруашылығы субъектісінің мәртебесіне сәйкестігін анықтау (растау);

2) аттестаттау туралы куәлік - мемлекеттің тұқым шаруашылығы саласындағы аттестатталған субъектілердің қызметін тануын растайтын, өз құзыреті шегінде тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган немесе облыстың жергілікті атқарушы органы берген құжат;

3) бірегей тұқымдар - ауыл шаруашылығы өсімдігі сортының авторы, ол уәкілдік берген адам өсіріп шығарған тұқымдар;

4) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдар өндіруші (бұдан әрі - тұқым өсіру шаруашылығы) - облыстың жергілікті атқарушы органы аттестаттаған, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды өндіру мен сатуды жүзеге асыратын, шаруашылық жүргізуші субъект;

5) жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі-ЖАО) – облыс әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

6) сараптамалық комиссия - жергілікті атқарушы органның бұйрығымен құрылатын, құрамы кемінде бес адамнан тұратын (комиссияның төрағасы және төрт мүшесі) комиссия, оның құрамына ауыл шаруашылығы саласындағы жергілікті атқарушы органның, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі Мемлекеттік инспекция комитеті облыстық аумақтық инспекциясының, ғылыми және аграрлық бейіндегі

қоғамдық ұйымдардың (келісім бойынша) өкілдері кіреді;

7) тұқым өндірушілер - тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлға;

8) тұқым өсіру шаруашылығы - облыстың жергілікті атқарушы органы аттестаттаған, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды өндіру мен сатуды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъект;

9) тұқым өткізуші - жергілікті атқарушы орган аттестаттаған ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының партияларын өткізу және (немесе) тұқым несиесін беру жөніндегі қызметті жүзеге асырушы жеке немесе заңды тұлға;

10) тұтынушы/өтінім беруші - бірегей тұқым өндіруші немесе элиталық тұқым өсіру шаруашылығы немесе тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізуші мәртебесін алуға үміткер жеке және заңды тұлға;

11) уәкілетті орган - «Солтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

12) элиталық тұқым өндіруші (бұдан әрі - элиталық тұқым өсіру шаруашылығы) - жергілікті атқарушы орган аттестаттаған элиталық тұқымды өндіру мен сатуды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъект.

2. Жалпы ережелер

2. Осы Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 Заңының 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Мемлекеттік қызмет Солтүстік Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органдарының жеке және заңды тұлғаларын (бұдан әрі – тұтынушы) мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады:

150000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы,
Қазақстан Конституциясы көшесі, 58;
тел. 8 (7152) 46-24-52, факс 36-07-45.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат облыстың жергілікті атқарушы органдарының сайттарында орналасқан:
E-mail: dshagr@mail.ru, akimat@SKO.kz, akimat@petr.kz

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны:
автоматтандырылмаған.

6. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету:

1) «Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы № 385 Заңының 6-1-бабының 4) тармақшасы;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1393 қаулысымен бекітілген тұқым шаруашылығы саласындағы кейбір субъектілерді аттестаттау қ а ф и д а с ы ;

3) «Фитосанитариялық қауіпсіздік және тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 мамырдағы № 485 қаулысымен бекітілген «Бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші репродукциядағы тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызмет демалыс және мереке күндерінен басқа жұмыс күндері сағат 13.00-ден сағат 14.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі өтінім беруші осы Регламенттің 13-тармағында анықталған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен аспауы тиіс;

2) тұтынушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күтуге рұқсат етілген ең көп уақыты - 30 (отыз) минуттан аспайды;

3) құжаттарды алу кезінде күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетудің кезеңдері:

1) тұтынушы/өтінім беруші аттестаттау (қайта аттестаттау) жүргізу және бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізушісі мәртебесін беру туралы өтінім бланкісін толтырады және оны ЖАО кеңсесіне тапсырады (бұдан әрі-өтініш);

2) ЖАО кеңсесі өтінішті тіркейді, тұтынушыға/өтінім берушіге құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді, құжаттарды уәкілетті орган басшысының қарауына жібереді;

3) уәкілетті органның басшысы құжаттармен танысады және жауапты атқарушыны айқындайды;

4) уәкілетті органның жауапты атқарушысы ұсынылған құжаттарды зерделеп, оларды сараптамалық комиссия қарауына тапсырады;

5) сараптамалық комиссия ұсынылған құжаттарды зерделейді және сол жерге бара отыра, өтінім берушінің бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым

өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға сәйкестігі дәрежесін айқындайды, осы Регламенттің 6-қосымшасына сәйкес тексеру актісі жасалады. Бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізуші мәртебесін беру туралы жеке немесе заңды тұлғаның өтінішін караудың жалпы мерзімі 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспауы тиіс. Комиссия шешімін хаттама нысанында ресімдеп, уәкілетті органның жауапты атқарушысына материалдарды тапсырады;

6) Комиссияның оң қорытындысын алған тұтынушыларға/өтінім берушілерге бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізушісі мәртебесі беріледі және осы Регламенттің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бірегей тұқым өндірушілері үшін - бес жылға, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары үшін - үш жылға, тұқым өсіру шаруашылықтары үшін - үш жылға, тұқым өткізушілер үшін - екі жылға жарамды аттестаттау туралы куәлік беріледі.

Тұқым шаруашылығы субъектілерін қайта аттестаттау осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес аттестацияның қолданылу мерзімі өткеннен кейін:

бірегей тұқым өндірушілер үшін - бес жылда бір рет; элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары үшін - үш жылда бір рет; тұқым өсіру шаруашылықтары үшін - үш жылда бір рет; тұқым өткізушілер үшін - екі жылда бір рет өткізіледі.

7) уәкілетті органның жауапты атқарушысы ЖАО кеңсесіне мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін тұтынушыға/өтініш берушіге әрі қарай беру үшін тапсырады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара іс-әрекеттер) тәртібінің сипаттамасы

11. Құжаттарды қабылдауды осы Регламенттің 3-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша ЖАО кеңсесі жүзеге асырады.

12. Өтінім беруші:

- 1) құжаттарды қабылдау күні мен нөмірі;
- 2) сұралып отырған мемлекеттік қызмет түрі;
- 3) қоса беріліп отырған құжаттардың саны мен атауы;
- 4) мемлекеттік қызметті алатын күні (уақыты) және құжаттар берілетін орын;
- 5) уәкілетті органның өтінішті қабылдаған жауапты лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле отырып, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

13. Аттестаттаудан (қайта аттестаттаудан) өту үшін өтінім беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Регламенттің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белгіленген үлгідегі өтінішті;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) жер учаскесіне сәйкестендіру құжатының көшірмесін (тұқым өткізушілер бермейді). Бұл ретте жер учаскесін жалдау шарты бойынша жалдау мерзімі он жылдан кем болмауы тиіс;

4) өтінім берушінің осы Регламенттің 3-қосымшасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды;

5) тұқым өндірумен тікелей айналысатын мамандар туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, білімі, еңбек өтілі);

6) жарғылықтың нотариалды куәландырылған көшірмесі (заңды тұлға үшін).

14. Бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізушісі мәртебесін беруден және аттестаттау туралы куәлік беруден:

1) өтінім берушінің осы Регламенттің 12-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбауы;

2) өтінім берушінің осы Регламенттің 3-қосымшасында көрсетілген бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға сай келмеуі негіз болып табылады.

ЖАО осы Регламенттің 10-тармағының 5-тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде аттестаттау туралы куәлік беуден бас тарту себептерін көрсеутмен дәлелді жазбаша жауап береді.

Комиссия шешімі белгіленген заңнамалық тәртіпте шағымданылуы мүмкін.

Тұтынушыға әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) шағымдану тәртібін ЖАО заң қызметінің маманы түсіндірме береді.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде мынадай құрылымдық-функциялық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) жұмылдырылған:

1) ЖАО кеңсесі;

2) сараптамалық комиссия;

3) уәкілетті орган басшысы;

4) уәкілетті органның жауапты атқарушысы.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін басқа мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуы қажет емес.

17. Ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптар қарастырылмаған.

18. Әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімнің) орындалу мерзімін көрсете отырып берілген әрбір ҚФБ-ның әкімшілік іс-әрекетінің (рәсімінің) бірізділігі мен өзара

іс-әрекетінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

19. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттердің қисынды бірізділігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланыс көрініс тапқан сызба осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

20. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі осы Регламенттің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз тасығышта аттестаттау туралы куәлік беру немесе мемлекеттік қызмет ұсынудан бас тарту болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

21. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын мемлекеттік жергілікті атқарушы органның лауазымды тұлғалары, уәкілетті органдар, аттестациялық комиссиялар мемлекеттік қызмет көрсету барысында Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіппен оның сапасы мен тиімділігі үшін, сондай-ақ, олармен қолданылған шешімдері мен әрекетігі (әрекетсіздігі) үшін жауапкершілікке ие болады.

«Бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші репродукциядағы тұқым өндірушілерді және тұлқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

Әкімшілік іс-әрекеттердің (рәсімдердің) бірізділігі мен өзара іс-әрекеттерінің сипаттамасы

Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағымының) нөмірі	1	2	3
ҚФБ атауы	ЖАО кеңсесі	Уәкілетті орган басшысы	Уәкілетті органның жауапты атқарушысы
Әрекеттің (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу, қолхат беру	Корреспонденциямен танысу	Сараптамалық комиссияға жіберу үшін құжаттарды зерделеу
Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім)	Құжаттарды уәкілетті органның басшысына бұрыштама қоюға жіберу	Бұрыштама қою, құжаттарды жауапты атқарушыға тапсыру	Құжаттарды сараптамалық комиссияға тапсыру

Орындалу мерзімі	30 минут	1 сағат	Бір жұмыс күні ішінде
Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2	3	4
Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағымының) нөмірі	4	5	6
ҚФБ атауы	Сараптамалық комиссия	Уәкілетті органның жауапты атқарушысы	Уәкілетті органның жауапты атқарушысы
Іс-әрекеттің (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Сол жерге бара отыра, құжаттарды зерделейді және өтінім берушінің бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға өтінім берушінің сәйкестігі дәрежесін айқындайды, тексеру актісін жасайды және өтінім берушінің бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға өтінім берушінің сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы шешім қабылдайды	Уәкілетті органның мәртебе беру туралы бұйрығын және аттестаттау туралы куәлігін немесе дәлелді бас тартуды ресімдейді	Бұйрықпен, аттестаттау туралы куәлікпен немесе дәлелді бас тартумен танысу
Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат,		Бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге	

ұйымдастырушылық-өкімдік шешім)	Хаттама ресімдеу	мәртебе беру туралы бұйрық тапсыру және аттестаттау туралы куәлік беру немесе дәлелді бас тарту туралы куәлікті басшыға беру	ЖАО құжаттарды тапсыру
Орындалу мерзімі	20 жұмыс күнінен аспайды	1 жұмыс күнінен аспайды	1 жұмыс күнінен аспайды
Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағымының) нөмірі	5	6	7
ҚФБ атауы			ЖАО
Іс-әрекеттің (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы			Мемлекеттік қызмет нәтижесін беру
Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім)			
Орындалу мерзімі			Жұмыс күні ішінде

«Бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші репродукциядағы тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

Әкімшілік іс-әрекеттердің қисынды бірізділігі арасындағы өзара байланысты айқындайтын сызба

Өтінім беруші ЖАО кеңсесіне мемлекеттік қызмет көрсету туралы өтініш береді	
ЖАО кеңсесі өтінішті тіркейді, құжаттарды қабылдау туралы қолхат береді, уәкілетті органның басшысына құжаттарды қарауға жібереді	
Уәкілетті органның басшысы құжаттармен танысады, жауапты атқарушыны айқындайды	
Жауапты атқарушы ұсынылған құжаттарды зерделеп, оларды сараптамалық комиссияға қарауға тапсырады	
Сараптамалық комиссия сол жерге бара отыра, құжаттарды зерделейді және өтінім берушінің бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға өтінім берушінің сәйкестігі дәрежесін айқындайды, тексеру актісін	

жасайды және өтінім берушінің бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға өтінім берушінің сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы шешім қабылдайды

Уәкілетті органның жауапты атқарушысы бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізушісі мәртебесін беру туралы бұйрықты және аттестаттау туралы куәлікті немесе дәлелді бас тартуды ресімдейді

ЖАО өтінім берушіге бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізушісі мәртебесін беру туралы және аттестаттау туралы куәлікке немесе дәлелді бас тарту туралы шешім (бұйрық) қабылдайды

ЖАО өтінім берушіге мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді

«Бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші репродукциядағы тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік қызмет регламентіне 3-қосымша

Бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптар

1. Бірегей тұқым өндірушілерге қойылатын біліктілік талаптарына мыналар е н е д і :

1) бірегей тұқым өндіруге қойылатын талаптарға сәйкес оны өндіруді жүргізу үшін жеткілікті егістік алқаптың (суармалы жерлерде - сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістігінің) болуы;

2) бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақ-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсыныстарға сәйкес салынған және бірден кем емес айналымнан өткен игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістердің болуы;

3) жалпы егістік алқабында тұқым шаруашылығы егістігінің болуы - 30 п а й ы з д а н к е м е м е с ;

4) бірегей тұқым өндіру (алғашқы тұқым шаруашылығы) бойынша жұмыс өтілінің болуы – 6 жылдан кем емес;

5) нақты топырақ-климаттық аймақ үшін ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес келетін жоғары деңгейлі сорттық агротехниканың болуы;

6) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі Мемлекеттік инспекция комитеті облыстық аумақтық инспекциясының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторының бірегей тұқым өндірушінің аумағында карантиндік нысандардың болмауы, бұл ретте карантиндік нысандар бірегей тұқым өндірушінің аумағында

сондай-ақ аттестаттау сәтіне дейін үш жылдан кем емес те болмауы тиіс;

7) бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар дақыл жөніндегі селекционер мамандардың болуы немесе ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалармен бірегей тұқым өндіру жөніндегі бірлескен жұмысты жүзеге асыруға ж а с а л ғ а н ш а р т т ы ң б о л у ы ;

8) әрбір дақыл бойынша кемінде бір агроном-тұқымшының және маманның, сондай-ақ дақыл мен сорттың тұқым шаруашылығы жөніндегі жұмыстың ерекше әдістерін білетін техникалық персоналдың кемінде үш адамының болуы;

9) дақыл мен сорттың биологиялық белгілері мен қасиеттерін ескеретін схемаларға қатаң сәйкестікте бірегей тұқым өндіруді қамтамасыз ету;

10) элиталық тұқым өндірісін қамтамасыз ету мақсатында бірегей тұқымның жоспарланған көлемін өндіруге қажетті түрлерде және көлемде сорттың негізгі тұқымдық материалының (жеміс, жидек дақылдарының және жүзімнің тұқымын өндірушілер үшін аналық екпелердің) болуы;

11) қажеттілікке қарай тұқым сақтандыру қорларының болуы:
бастапқы буындардың негізін қалау үшін - 100 пайыз;
суперэлита үшін - 50 пайыз;

12) бірегей тұқым өндірісі жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктері түрлерінің бірегей тұқымын өндіру жөніндегі жұмыстар кешенін қамтамасыз ету үшін, меншік құқығында, лизингте немесе мүлік жалдауда (ұзақ мерзімді жалдау) арнайы селекциялық және тұқым шаруашылығы техникасының қажетті с а н ы н ы ң б о л у ы ;

13) арнайы жасақталған қырмандардың, жабық асфальтталған алаңдардың, қойма бөлмелерінің (жеміс дақылдары мен жүзімге арналған көміп қою алаңдарының), тұқым партияларын араласып кетуіне жол бермейтіндей орналастыруға мүмкіндік беретін арнайы ыдыстың жеткілікті болуы;

14) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша жүргізілетін бірегей тұқым өндірісіне, өндірілген, сатылған және өз шаруашылығында пайдаланылған бірегей тұқымның саны мен сапасына, шыққан тегіне (егіс, сұрыптаулықтар, сорттық, түрлік және фитопатологиялық отаулар (тазалаулар) актілері, егістіктерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізуге, бірегей тұқымды жинауға, кіріске алуға, тазалауға және өңдеуге, сатуға, тұқымдарды есепке алу журналына (оны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы нөмірлеуі, тігіуі және қол қоюы тиісті), тұқымның талапқа сай екендігі туралы куәлігіне, тұқым аттестатына) есеп жүргізу;

15) сортты шығару әдісі, ата-аналық нысандары мен сорт белгілерінің ерекше

сипаттамалары туралы мәліметтерді көрсететін сорт бойынша құжаттаманы жүргізу ;

16) тұқым шаруашылығы жөніндегі есеп материалдарының сақталуын алты жылдан кем емес мерзім ішінде қамтамасыз ету.

2. Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын біліктілік талаптары мыналарды қамтиды :

1) элиталық тұқым өндіру жүргізілетін және кемінде бір айналымнан өткен ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақ-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсыныстарға сәйкес салынған, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы;

2) бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақтылы топырақ-климаттық аймақ үшін ғылыми-негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егісінің болуы;

3) жалпы егіс алқабындағы тұқымдық егістік жер көлемінің болуы - 25 пайыздан кем емес ;

4) соңғы үш жылдағы өнімділік - орташа облыстық көрсеткіштен жоғары;

5) тұқым шаруашылығы бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы - төрт жылдан кем емес ;

6) жалпы өндіріс көлеміндегі қызметтің негізгі түрінің (элиталық тұқым шаруашылығы) үлес салмағын қамтамасыз етуі - 25 пайыздан кем емес;

7) тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңделетін дақыл саны - 4-ден аспайды;

8) аттестаттау талабына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сорттардың саны - 3-ден аспайды;

9) суперэлиталық тұқымды егуге қажетті тұқымның сақтандыру қорының болуы - 50 пайыз ;

10) дақылдар мен сорттар бойынша сорт жаңарту жоспарының болуы;

11) аудандастырылған сорттар тізбесіне енгізілген тұқым сорттарын өсіру схемасының болуы ;

12) тұқым материалдарын өсіру жұмыстарының барлық түрлері мен оның сапалық көрсеткіштері көрсетілетін құжаттаманы жүргізу және есепке алуды ұйымдастыру ;

13) аудандастырылған және перспективті сорттардың негізгі тұқым материалдары (бірегей тұқым) элиталық тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіруге қажетті түр мен көлемде болуы;

14) аттестаттауға өтініш берген сәттен бастап кемінде екі жылда элиталық тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіру үшін қажетті түр және көлемде аудандастырылған және перспективті сорттардың бірегей немесе суперэлиталық тұқымдарын жеткізу туралы бірегей тұқым өндірушілермен жасалған шарттың

б о л у ы ;

15) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлғалармен элиталық тұқым өндірісі ілеспесіне келісімнің болуы;

16) элиталық тұқым өндіру жөніндегі жұмыстар кешенін қамтамасыз ету үшін, меншік құқығында, лизингте немесе мүлік жалдауда (ұзақ мерзімді жалдау) тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілейтін техниканы қоса алғанда, арнайы ауыл шаруашылығы техникасының қажетті санының болуы;

17) арнайы жасақталған қырмандардың, жабық асфальтталған алаңдардың, тұқым партияларын араласып кетуіне жол бермейтіндей орналастыруға мүмкіндік беретін қойма бөлмелерінің болуы;

18) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша өндірілген, сатылған және өз шаруашылығында пайдаланылған бірегей тұқымның саны мен сапасына, шыққан тегіне (егіс актілері, егістіктерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізуге, бірегей тұқымды жинауға, кіріске алуға, тазалауға және өңдеуге, сатуға, тұқымның талапқа сай екендігі туралы куәлігіне, тұқым аттестатына тұқымдарды есепке алу журналына (оны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы нөмірлеуі, тігуі және қол қоюы тиісті) есеп жүргізу;

19) тұқым шаруашылығы бойынша есеп материалдарының кемінде бес жыл сақталуын ұйымдастыру;

20) жоспарланған жұмыс көлемін білікті атқару үшін тиісті білімі бар штат кестесінде көзделген арнайы мамандар санының, оның ішінде кемінде бір тұқым өсіруші-агроном болуы;

21) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі Мемлекеттік инспекция комитеті облыстық аумақтық инспекциясының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторының бірегей тұқым өндірушінің аумағында карантиндік нысандардың болмауы, бұл ретте карантиндік нысандар бірегей тұқым өндірушінің аумағында сондай-ақ аттестаттау сәтіне дейін үш жылдан кем емес те болмауы тиіс.

3. Тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын біліктілік талаптары мыналарды қамтиды:

1) тұқым шаруашылығы жөніндегі жұмыс тәжірибесі - екі жылдан кем болмауы;

2) тұқымның бірінші, екінші және үшінші репродукциясын өндіруге қойылатын талаптарға сәйкес оны өндіруді жүргізу үшін жеткілікті егістік алқаптың (суармалы жерлерде - сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістігінің)

б о л у ы ;

3) тұқымның бірінші, екінші және үшінші репродукциясын өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып нақты топырақ-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсыныстарға сәйкес салынған тұқым шаруашылығы ауыспалы егістердің болуы;

4) жалпы егістік көлеміндегі тұқым шаруашылығы егістіктері 20 пайыздан к е м е м е с ;

5) тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңделетін дақыл саны 3-ден аспайды;

6) аттестаттау талабына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сорттардың саны - 3-ден аспайды;

7) аттестаттауға өтініш берген сәттен бастап кемінде үш жылда тұқымның бірінші, екінші және үшінші репродукциясын өндіру үшін элиталық тұқым жеткізу туралы элиталық тұқым өндіруші шаруашылықпен жасалған шарттың б о л у ы ;

8) тұқымның бірінші, екінші және үшінші репродукциясын өндірудегі ғылыми сүйемелдеу туралы жеке және заңды тұлғамен ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыратын ш а р т т ы ң б о л у ы ;

9) нақты агроэкологиялық аймақ үшін ұсынылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерін өңдеу агротехнологиясын сақтау;

10) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі Мемлекеттік инспекция комитеті облыстық аумақтық инспекциясының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторының тұқым шаруашылығы аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер тұқым шаруашылығы аумағында сонымен қатар аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл болмауы тиіс;

11) кемінде бір тұқым өсіруші агрономның болуы;

12) дақылдар мен сорттар бойынша сорт жаңарту жоспарының болуы;

13) сорттық тұқымның бірінші, екінші және үшінші репродукциясын өсіру ж ө н і н д е г і с х е м а н ы ң б о л у ы ;

14) тұқымның бірінші, екінші және үшінші репродукциясының жоспарланған көлемін өндіруге қажетті түрлерде және көлемде сорттың негізгі тұқымдық м а т е р и а л ы н ы ң б о л у ы ;

15) тұқымның бірінші, екінші және үшінші репродукциясының жоспарланған көлемін өндіру жөніндегі жұмыстардың кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік құқығында, лизингте немесе мүлік жалдауда (ұзақ мерзімді жалдау) тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілейтін техниканы қоса алғанда, арнайы ауыл шаруашылығы техникасының қажетті санының болуы;

16) арнайы жасақталған қырмандардың, жабық асфальтталған алаңдардың,

тұқым партияларын араласып кетуіне жол бермейтіндей орналастыруға мүмкіндік беретін қойма бөлмелерінің болуы;

17) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша өндірілген, сатылған және өз шаруашылығында пайдаланылған бірегей тұқымның саны мен сапасына, шыққан тегіне (егіс актілері, егістіктерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізуге, бірегей тұқымды жинауға, кіріске алуға, тазалауға және өңдеуге, сатуға, тұқымның талапқа сай екендігі туралы куәлігіне, тұқым аттестатына тұқымдарды есепке алу журналына (оны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы нөмірлеуі, тігуі және қол қоюы тиісті) есеп жүргізу;

18) тұқым шаруашылығы бойынша есеп материалдарының кемінде үш жыл сақталуын ұйымдастыру.

4. Тұқым сатушыларына қойылатын біліктілік талаптары мыналарды қамтиды:

1) тұқым сату бойынша жоспарланған жұмыс көлемін орындау үшін штат кестесінде көзделген тиісті білімі бар мамандардың, оның ішінде кемінде бір тұқым өсіруші агрономның болуы;

2) әрі қарай тұқым сату үшін тұқым өндірушілермен ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымын жеткізу туралы (тұқымды шетелдік жеткізушілерден сатып алған (импорт бойынша) жағдайда тұқым жеткізушілермен) жыл сайынғы келісімнің болуы;

3) жабық асфальтталған алаңдардың, қойма бөлмелерінің (жеміс дақылдары мен жүзімге арналған көміп қою алаңдарының), тұқым партияларын араласып кетуіне жол бермейтіндей орналастыруға мүмкіндік беретін арнайы ыдыстың болуы;

4) ауыл шаруашылығы өсімдіктерін өңдеу, сақтау және сату жөніндегі жұмыстар кешенін қамтамасыз ету үшін, меншік құқығында, лизингте немесе мүлік жалдауда (ұзақ мерзімді жалдау) арнайы ауыл шаруашылығы техникасының қажетті санының болуы;

5) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр тұқым партиясы бойынша сатылған тұқымның саны мен сапасына, шыққан тегіне, тұқымды құжаттау, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы нөмірлеуі, тігуі және қол қоюы тиісті тұқымдарды есепке алу журналына есеп жүргізу;

6) тұқымдарды сақтау және сату материалдарының кемінде үш жыл сақталуын ұйымдастыру;

7) «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында қорғалатын өсімдіктер сорттарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының тұқымдарын сатқан жағдайда тұқым өткізушіде (лицензиатта) патент иесі (лицензиар) берген селекциялық жетістікті уақытша пайдалану құқығының болуы;

8) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторының карантиндік объектілердің жоқ екендігі.

«Бірегей, элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші репродукциядағы тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік қызмет регламентіне 4-қосымша

Өтініш

Аттестаттау жүргізуді және _____

(ауыл шаруашылығы өсімдігінің атауы, сорты) тұқымын өндіру және сату (тұқым өткізушілер үшін - тек тұқым сату) жөніндегі _____

(берілетін мәртебе түрлерінің біреуі көрсетіледі) мәртебесін беруді сұраймын.

Жеке немесе заңды тұлға туралы мәліметтер:

1. Меншік нысаны _____

2. Құрылған жылы _____

3. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігі немесе жеке тұлғаның жеке куәлігі _____

— — — _____ (№, кім және қашан берді)

4. Мекенжайы:

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс, e-mail)

5. Басшының Т.А.Ә. _____

6. Банк деректемелері _____

(СТН, БАА, шот №, банкінің атауы және тұрған жері)

7. Қоса беріліп отырған құжаттар:

(біліктілік талаптарға сәйкес)

Басшы _____ (қолы) (Т.А.Ә.)

М . О .

20 _____ жылғы

« ____ » _____

Өтініш қарауға 20 _____ жылғы « ____ » _____ қабылданды.

_____ (өтінішті қабылдаған

жауапты адамның Т.А.Ә.)

«Бірегей, элиталық тұқым, бірінші,
екінші және үшінші репродукциядағы тұқым
өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау»
мемлекеттік қызмет регламентіне

5-қосымша

Аттестаттау туралы № _____ куәлік

_____ облысының (республикалық маңызы бар
қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының 20 _____ жылғы « ____ » _____

№ _____ шешімі негізінде _____

(ауыл шаруашылығы өсімдігінің атауы, сорты) тұқымын өндіру және сату (
тұқым өткізушілер үшін - тек тұқым сату)
жөніндегі _____

_____ (берілетін мәртебе түрлерінің біреуі көрсетіледі)

мәртебесі берілген _____

(заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә.)

Басшының Т.А.Ә. _____

Л а у а з ы м ы

_____ (қолы)

Берілген күні: 20 _____ жылғы « ____ » _____

М.О.

20 _____ жылғы « ____ » _____ дейін жарамды.

«Бірегей, элиталық тұқым, бірінші,
екінші және үшінші репродукциядағы тұқым

өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау»
мемлекеттік қызмет регламентіне
6-қосымша

**Жеке және заңды тұлғалардың бірегей тұқым өндірушілерге,
элиталық тұқым шаруашылығына, тұқым шаруашылығына, тұқым
өткізушіге қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру актісі**

20 __ жылғы «__» _____ № _____

_____ облысының (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының 20 __ жылғы «__» _____ № _____ шешімімен құрылған сараптамалық комиссия

(заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі)

(ауыл шаруашылығы өсімдігінің атауы, сорттардың саны (бірегей тұқым өндірушілер үшін сорттардың саны көрсетілмейді) көрсетіледі) тұқымын өндіру және сату (тұқым өткізушілер үшін - тек тұқым сату) жөніндегі

(берілетін мәртебе түрлерінің біреуі көрсетіледі) мәртебесіне сәйкестігін тексеру нәтижелері туралы осы актіні жасады.

Зерттеу нәтижесінде белгілі болғаны:

_____ (

талаптардың әрбір тармағы бойынша сәйкестік дәрежесі көрсетіледі)

Қ о р ы т ы н д ы :

Комиссия төрағасы: _____
(тегі, аты-жөні, лауазымы) (қолы)

Комиссия мүшелері: _____
(тегі, аты-жөні, лауазымы) (қолы)

(тегі, аты-жөні, лауазымы) (қолы)

(тегі, аты-жөні, лауазымы) (қолы) _____

(тегі, аты-жөні, лауазымы) (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК